



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттерді беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 554 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 731 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.08.2023 № 731 (02.03.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 35-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттерді беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 8 қыркүйектегі
№ 554 қаулысымен
бекітілген

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттерді беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттерді беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына (бұдан әрі – қор) республикалық бюджеттен:

1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге;

2) қордың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау

органдарының қызметкерлеріне медициналық көмек көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеуге арналған шығындарды өтеуге;

3) "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) айқындалған қорға жарналар төлеуден босатылған Қазақстан Республикасының азаматтары үшін МӘМС-ге мемлекеттің жарналарын төлеуге трансферттерді аудару тәртібін айқындайды.

2. Трансферттер сомасының көлемі жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджетті бекіту кезінде айқындалады.

2-тарау. Қорға трансферттерді беру тәртібі

3. Республикалық бюджет бекітілгеннен кейін қор трансферттердің жылдық сомаларын айларға бөлу жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын қалыптастыру кезінде есепке алу үшін уәкілетті органға жібереді.

Қор трансферттердің жылдық сомаларын айлар бойынша бөлуді аванстық төлемдерді төлеудің болжамды мерзімдерін ескере отырып, төлемдерді жүзеге асыру мерзімдеріне байланысты жүзеге асырады.

4. Трансферттерді пайдалану процесінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу қажеттілігі кезінде қор ағымдағы айдың 5-күніне дейінгі мерзімде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарын уәкілетті органға жібереді.

5. Уәкілетті органның трансферттерді аударуы:

1) ТМҚКК шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарының сомалары шегінде ағымдағы айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде (желтоқсан айында 20-күніне дейін) қазынашылықтағы қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына ай сайын жүзеге асырылады;

2) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеуге арналған қордың шығындарын өтеуге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қордың өтініміне (бұдан әрі – өтінім) сәйкес есепті айдан кейінгі айдың 30-күнінен кешіктірмей Қордың банк шотына ай сайын төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарының сомалары шегінде жүзеге асырылады

Өтінім осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелері деректерінің негізінде әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеуге қордың шығындарын өтеуге арналған жиынтық тізілімге сәйкес есепті айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін қалыптастырылады.

Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына енгізілген өзгерістерді ескере отырып, ақша қаражатын аудару ағымдағы айдың 25-күніне дейін жүзеге асырылады.

ТМККК шеңберінде көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге арналған трансферттер бойынша пайдаланылмаған қалдық сомасын айдың соңына қарай қор одан кейінгі айдың сомасына енгізуге тиіс.

Өткен қаржы жылында бөлінген ТМККК шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге арналған трансферттердің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары қор алдыңғы жылдың міндеттемелерін өтегеннен кейін, бірақ ағымдағы қаржы жылының 1 наурызынан кешіктірмей республикалық бюджеттің кірісіне қайтарылуға жатады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 22.06.2020 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Трансферттердің жылдық көлемін бөлінген бюджет шегінде нақтылау (түзету) қажет болған кезде қор Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес уәкілетті органға ұсыныстарын жолдайды.

Бөлінген бюджет шегінде трансферттердің сомаларын нақтылау (түзету) жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес қарайды.

7. Заңның 26-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) және 15) тармақшаларында көрсетілген, жарналарды төлеуден босатылған адамдар үшін мемлекеттің МӘМС-ке жарналары түріндегі ақшалай қаражатты аудару уәкілетті орган айқындайтын Аударымдарды және (немесе) жарналарды есептеу (ұстап қалу) және аудару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 22.06.2020 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Трансферттерді пайдалану жөніндегі есептілік

8. Уәкілетті орган белгілеген нысандарға сәйкес қор уәкілетті органға тоқсан сайын ТМККК шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге, қордың МӘМС жүйесінде әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық

қорғау органдарының қызметкерлеріне медициналық көмек көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу шығындарын өтеуге және қорға жарналар төлеуден босатылған Қазақстан Республикасының азаматтары үшін МӘМС-ге мемлекеттің жарналарын төлеуге берілетін трансферттерді пайдалану жөніндегі есептерді тапсырады.

Әлеуметтік медициналық
сақтандыру қорына
трансферттерді беру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

20 ____ жылғы ____ үшін әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеуге арналған әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шығындарын өтеуге 20 ____ жылғы ____ өтінім

Ескерту. Қағида 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 22.06.2020 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

				Төлем түрі	Сомасы
Мекеме 226	Бағдарлама 066	К і ш і бағдарлама 104	Ерекшелігі 351	Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеуге арналған әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттер	

Басқарма төрағасы _____ (не оны алмастыратын тұлға) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Бас бухгалтер _____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

М.О.

20 ____ " ____ "

Орындаушының тегі және телефон нөмірі _____

Әлеуметтік медициналық
сақтандыру қорына
трансферттерді беру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

МӘМС жүйесінде әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне медициналық көмек көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шығындарын өтеуге жиынтық тізілім, _____ ЖЫЛҒЫ _____

Ескерту. Қағида 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 22.06.2020 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

[illegible]

Қызылор да									
Маңғыст ау									
Павлодар									
Солтүсті к Қазақста н									
Түркіста н									
Алматы қаласы									
Нұр-Сұлт а н қаласы									
Шымкен т қаласы									

Басқарма төрағасы _____
 _____ (немесе оны алмастыратын адам) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
 қолы

Бас бухгалтер _____
 _____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
 Мөрдiң орны 20 ____ " ____ " ____
 Орындаушының тегі және телефоны _____
